



БҰЙРЫҚ

№ 220НҚ от 03.04.2025

03 сәуір 2025 жыл
Тасқала ауылы

ПРИКАЗ

№ 220-НК
село Таскала

Оқушылар арасында аудандық «Көктемгі бағдар 2025» жарысын өткізу туралы

Спорттық бағдарлауды насихаттау, бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру, облыстық құрамаға үздік спортшыларды анықтау мақсатында және Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2025 жылдың 31 наурыздағы №288 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 11 сәуір күні оқушылар арасында аудандық «Көктемгі бағдар 2025» жарысы өткізілсін.
2. Жарыстың ұйымдастырылуы «Жас туристер станциясына» (директор Б.Нарымбаев) жүктелсін.
3. Жарыстың ережесі бекітілсін (1– қосымша).
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау аудандық білім беру бөлімінің бас маманы Г.Батыргалиеваға тапсырылсын.

Бөлім басшысы

А.Касимова

**Тасқала ауданының білім беру бөлімінің
2025 жылғы «03» сәуірдегі
№220 бұйрығымен бекітілген
№ 1 қосымша**

**Оқушылар арасында аудандық «Көктемгі бағдар 2025»
жарысын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. Мақсаты

Спорттық бағдарлауды насихаттау, бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру, облыстық құрамаға үздік спортшыларды анықтау мақсатында өткізіледі.

II. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 11 сәуір күні Тасқала ауданы, Тасқала ауылы «Жас туристер станциясына» қарасты «Шұғыла» жазғы лагерінде өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 11 сәуір сағат 09:30 – ға дейін.

III. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа Тасқала ауданының мектеп оқушылары қатысады. Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

ҰҚ10 (2015 – 2016 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ12 (2013 – 2014 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ14 (2011 – 2012 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ16 (2009 – 2010 ж.т. ұл, қыз);

Командалық есепке алынатын қатысушылар әр топтан бір ұл, бір қыз жарысқа сұраныс беру сәтінде көрсетіледі. Басқа қатысушылар жеке сынақта ғана сайысқа түседі.

IV. Жарыс бағдарламасы

9:30 – командалардың келуі, тіркелуі

10:00 – «Орта» қашықтығы

13:00 – Марапаттау рәсімі

V. Жарыс шарты

1. Жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған **сұраныс**

№	ТАӘ (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұқсаты
1	Умиртаева Тамирис	22.06.2012	Қ14	III	Жеке/ком	
2	Абдрашева Алина	29.12.2009	Қ16	III	Жеке	

(сұранысты берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

2. Жеке куәлік көшірмесі
3. Жарыс бағдарламасын орындау үшін спорттық киім және аяқ киім болуы шарт

Алдын – ала өтінішті 2025 жылдың 10 сәуіріне дейін sut_taskala@mail.ru немесе sut_taskala@mail.kz электронды поштасына жіберіп, өтініш жіберілгендігі жөнінде 8 705 549 64 31 нөмеріне хабарлап айту қажет.

Жарыс SportIdent электронды белгілеу құрылғылары (чип) арқылы өткізіледі.

Қатысушылар саны шектеусіз

VI. Қортындылау және марапаттау

Жалпы командалық және жекелей сынақта жүлделі орын алған командалар диплом және медальдармен марапатталады.

VII. Қаржыландыру

Жарысқа қатысушылардың қатысу шығынын іс-сапарға жіберуші мекеме өтейді. Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарына жарысты өткізуші ұйымдастырушылар жауап береді.

Сұраныстарды тапсыру мерзімі және тәртібі

Алдын ала сұранысты міндетті түрде жіберу керек !!! Жарыстың алдын ала сұраныстарын 8 747 748 10 09 WhatsApp желісіндегі нөмірге жіберу арқылы команда жетекшілері тіркейді, ал сұраныс түпнұсқасы жарыс болатын күні тапсырылады.

Төрешілер ережеге өзгеріс енгізуге құқылы!

Кординаторлар:

Бас төреші Нарымбаев Б.М тел: 8 705 560 86 86

Бас хатшы: Диланова Н тел: 8 747 748 10 09

Подписано

03.04.2025 16:43 Касимова Айгуль Кадырбаевна

